

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА
LITERARY STUDIES AND FOLKLORISTICS

МҒТАР 7.01.11

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss3pp164-174](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss3pp164-174)

Л.М. Демесинова¹, А.Ш. Маманова¹, Ж.М.Искакова²

¹С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

²Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

**ЭТНОМӘДЕНИ АРХЕТИПТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТУШІ
ФАКТОРЛАР**

Шетел әдебиеттануында ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап көркем шығармашылықтағы архетип мәселесі, автор мен қиял, архетип әдеби сыны өзекті тақырыптардың біріне айналды. Архетип мәселесін алғашқыда К.Г. Юнг психоаналитика ғылымы негізінде қарастырса, кейіннен әдебиеттану саласында көркем шығармашылық пен қиял мәселесінде Э. Нойманн, Н. Фрай, М. Бодкин, Е. Мелетинский сияқты ғалымдар көлемді еңбектер жазып, тың тұжырымдар жасады. Алайда отандық әдебиеттануда этномәдени архетип мәселесі жекелеген мақалалар мен мифопоэтикалық зерттеулерде кездескенімен, нақты көркем шығармадағы этномәдени архетип образдар мен сюжеттер, архетип мотив пен идея мәселесі жайында көлемді ғылыми еңбектердің аздығы жұмыстың өзектілігін айқындайды. Сонымен қатар, этномәдени архетиптердің қалыптасуына әсер етуші әртүрлі тарихи факторлар, климаттық жағдайлардың ұлт санасына әсерін нақтылауда басқа да ғылым салаларымен интеграцияда қарастыру зерттеу жұмысының маңыздылығын арттырып отыр.

Кілт сөздер: архетип, этномәдениет, жарақат теориясы, проза, ұжымдық бейсаналық.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Шетелдік әлеуметтік-гуманитарлық салада этномәдени архетип мәселесі негізінен философия мен мәдениеттану, өнертану пен тілдік тұрғыдан зерттелген. Әдебиеттануда көркем мәтінді архетип әдеби сын тұрғысынан талдау арқылы әр халықтың ұжымдық бейсана қабаттарында жатқан ұлттық болмысқа тән ерекшелікті айқындауға болады. Жалпы архетип мәселесі қазақ әдебиеттануында зерттелмеген тың тақырыптардың бірі болғандықтан, зерттеудің өзектілігін айқындайды. Архетип пен әдебиеттің, көркем шығармашылықтың байланысы туралы зерттеулерде К.Г.Юнг пен Э.Нойманның «Психоанализ және өнер» еңбегі басшылыққа алынды. Архетиптердің мифологиямен байланысы, көркем шығармадағы әдеби архетиптердің трансформациясы бойынша Е.Мелетинскийдің «Әдеби архетиптер туралы» еңбегі қарастырылды. Этномәдени архетиптердің ерекшелігін айқындауда қазақ ауыз әдебиеті мен әлемдік мифологияны салыстыра зерттеуде Н.Фрай, М.Бодкин, Э.Мирча, Дж.Кэмпбелл, К.Эстес, Ш.Уәлиханов, С.Қасқабасов, А.Сейдімбек, С.Қондыбай еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар ескерілді. Ал зерттеудің практикалық бөлімінде тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген прозалық шығармалар мен ағылшын тілді әдебиет негізге алынды.

КІРІСПЕ

К.Г. Юнг архетип туралы түсініктің Платонның идея немесе эйдосынан бастау алатындығын атап көрсетіп, ойшылдың осы ұстанымын әрдайым негізге алып отырады. Ғалым ерте христиан философиясының өкілдері Ф.И. Александрийский, Д. Ареопагит сияқты тұлғалардың еңбектерінде және қасиетті Августин дәуірінде де архетип «идея» ұғымында кездесетіндігін, «архетиптік сәуле» деген құдайдың жарығы мағынасында, әлем жаратушысы құдай, ал жарық соның прототипі деген ұғымда қолданылған деген ойға сүйенеді. Бұл ой Ф.И. Александрийский пікірімен сабақтас, ойшыл архетипті құдай деп танып, абсолютті құдай барлық шексіз идеялар мен ой иесі деген ұстанымда болады. Филон «жарық идеясын» да басшылыққа алып, нуминоздылықпен байланыстырады. Байқағанымыздай, көне ойшылдар еңбектерінде архетип түсінігі идея мен ой, құдай мен жарық ұғымдары негізінде барлығы да архетипті нуминозды, ерекше күшке балайды. Адам санасына ой өздігінен пайда болмайды, әу-баста құдайдың күдіретімен пайда болған идеялар, космостық күшке ие, құдайдың қалауымен болатын тылсым дүние дегенге саяды. Шын мәнінде ежелгі дәуір ойшылдарының түсінігі негізінде адамзат қалыптасуының «сәбилік кезеңінде» алғашқы адамдар әлемді, қоршаған ортаны тануда аспан денелері мен түрлі құдайларға табыну тарихтан белгілі.

Этномәдени архетиптерге келер болсақ, «Этномәдени архетип – ұжымдық бейсана тереңінде қалыптасқан мәдени қағидалар. Оларға тұрақтылық пен бейсаналық тән болғандықтан, өзгерту өте қиын, әдетте адамдар өз бойларындағы этномәдени архетипке аса мән бермейді, ал ол бейсаналы түрде сол ұлттың мәдени генетипін сақтап қалу үшін қызмет етеді» [1]. Этномәдени архетиптер адам өмірінің барлық салаларында кездеседі, әсіресе күнделікті өмірімізде жиі байқауға болады [2, 63] деген тұжырымдамалардан қазақ халқының этномәдени архетиптері халқымыздың өнері мен мәдениетінде, фольклоры мен мифтерінде кездесетін сюжеттер мен образдар жиынтығын құрайтындығын аңғарамыз. Фольклордан бастап қазіргі қазақ әдебиетіндегі этномәдени архетиптерді зерттеу арқылы тұтас ұлтымыздың болмысын, ұлттық дүниетанымы мен менталитетін айқындауға болады. Себебі этномәдени архетиптер «ұлттық жады» ретінде халықтың өткенінен хабар беріп отырады да, қажет жағдайда бейсаналы түрде адам санасына қалқып шығады. К.Г. Юнгтің сөзімен айтсақ: «Кез келген халықтың этномәдени архетиптері символдар жүйесі арқылы беріліп, сол елдің ұлттық құндылықтары негізінде қалыптасады. Бұл сол елдің болмысын, дүниетанымын ашуға септігін тигізеді» [3, 52]. Этномәдени архетиптерге тұрақтылық тән болғандықтан, тұтас ұлттың болмысын айқындайтын мықты құрал ретінде қарау маңызды. Зерттеуде қазақ халқының этномәдени архетиптерін мифологиядан бастап фольклор мен көркем әдебиетті тұтастықта қарастырып, қазіргі қазақ әдебиетіндегі архетиптердің қайнар көзін анықтап, көркем шығармадан мысалдар келтіре отырып талдау тиімді.

Адам санасындағы архетиптің уақыт өте келе белгілі бір тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты ішкі инстинкт сияқты қайта жаңғырып отыруы заңды құбылыс, ол тек заман талабына сай формасын өзгертуі мүмкін. XX ғасыр басында шетелдік әлеуметтанушы ғалымдар индустрияландыру мен қоғамдағы даму үдерістер жекелеген этностық ерекшеліктерді біртіндеп жояды деген пікір білдіргенімен, кейінгі зерттеулер бұл жаңсақ пікір екенін көрсетті. Бұндай жағдайда керісінше этникалық, этномәдени ұқсастық әлеуметтік, саяси және мәдени өмірде өз мәнін сақтап қана қоймай, сонымен қатар оның маңызын арттырады. Өзінің тілі мен ұлтқа тән бірегейлігін жоғалтып алу қаупі қайда өмір сүретініне қарамастан барлық халықтарға тән [4].

Этномәдени архетиптерге кеңінен тоқталу үшін этнос, менталитет, ұлттық болмыс, ұлттың жаны мен рухы, ұлттық құндылықтар сияқты түсініктерге тоқталып өті маңызды. Ғылыми еңбектерде аталған түсініктер бір-бірінің баламасы ретінде қарастырылады. Себебі ұлт пен этносты, халықтың басқа елдерден өзін айқындап тұратын ерекшелігі ол, ең алдымен, ұлттық болмысы мен менталитеті, мәдениеті мен әдебиеті, тілі мен діні болып саналады. Жаһандану заманында әр ұлт өзінің болмысынан айырылып қалмау үшін осындай рухани-

материалдық құндылықтары мен этномәдени ерекшеліктерін сақтап қалу маңызды. Қанша тарихи-саяси жағдайларды басынан өткізсе де қазақ болмысы өз дінінен ажыраған жоқ, оған этнограф А. Сейдімбектің мына пікірі дәлел: «Жер бетінде этномәдени болмысы біртұтас жалғыз ұлт болса, ол – қазақ ұлты» [5, 4] деген пікірі көп дүниені ашып бергендей.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижелі болуының басты алғышарты дұрыс әдіс-тәсілдерді қолдануында жатыр. Зерттеуде архетиптің тұлға мен ұлт санасына әсерін, ұжымдық бейсаналық пен мифологиямен байланысын, көркем әдебиеттегі қызметін айқындауда имманенттік әдіске, яғни құрылымдық-семиотикалық және мифопоэтикалық зерттеу әдістеріне жүгінеміз. Аталған әдістер негізінде мәтінмен жұмыс жасалып, көркем мәтіндердің құрылымымен қатар семиотикалық коды мен символдар жүйесі, «архетип модельдерді» айқындауға септігін тигізеді. Зерттеу тақырыбы қазақ және ағылшын тілді әдебиет болғандықтан, Cross-cultural(мәдениетаралық) зерттеу әдісін қолдану да тиімді. Бұл әдіс мәдениеті мен дүниетанымы әртүрлі ұлттардың ортақ ұқсас жақтары мен айырмашылықтары, тілдік, танымдық ерекшеліктерін айқындауда таптырмас әдіс болып саналады. Зерттеу тақырыбы этномәдени архетиптердің қалыптасуына әсер етуші факторлар болғандықтан, қазақ және басқа да халықтардың ұлттық архетиптерінің қалыптасуына әсер еткен тарихи-әлеуметтік, климаттық, саяси жағдайлар жүйеленіп, олардың көркем шығармадағы көрінісі архетип әдеби сын тұрғысынан талданды.

НӘТИЖЕЛЕР

Әлем халықтарында ұлттық болмыс пен менталитет туралы мәдениет пен антропологияда, этнография мен философияда ғалымдар пікірлері жеткілікті: шетелдік Г. Гегель, И. Кант, Д. Юм, С.А. Токарев, Л.Н. Гумилев және отандық Ә.Х. Марғұлан, Р.Б. Сүлейменов, К.А. Ақышев, А. Сейдімбек, Ж.О. Артықбаев сияқты ғалымдардың еңбектерін атап өту маңызды. Солардың ішінен қазақ және шетелдік ғалымдардың пікіріне жүгінсек:

1. Ұлттық болмыс туралы Ш. Монтескьенің «Халықтың тұтас жанын айқындайтын дүниелер мен әсер ететін факторларға климат, дін, заң, басқару түрлері, салт-дәстүрі мен өткен тарихы жатады» [6].

2. Ұлттық мінез, болмыс туралы С.Г. Тер-Минасова үш ерекшелікті атап көрсетеді: «Фольклор мен халық ауыз әдебиеті; ұлттық классикалық әдебиет және сол ұлтпен біте қайнасқан стереотиптерді жатқызады» [6, 17].

3. Ұлттық менталитет туралы И.К. Пантин: «Халықтың басынан өткен тарихи жағдайлардың мәдениеттегі көрінісі, түрлі саяси оқиғалардың ұлт санасында стереотиптер қалыптастырады... Менталитет дегеніміз ұлттың тұтас тарихы мен өткен өмірі ұлт болмысын айқындайды» дей келе, «кез келген тарихи оқиғалар, оның ішінде жантүргішерлік тарихты да қосады» [7]. Міне қазақ халқының басынан өткерген отарлау тарихы ұлт болмысына тікелей әсер еткені сөзсіз.

4. «Этносты оның мәдени-тұрмыстық бірлігі мен сана-сезімінің біртұтастығы айғақтайды, соның нәтижесінде ондай этнос мүшелері өздерінің өзгеден даралығын айқын сезінетін болады» деген пікірді Ю.Б. Бромлей ұсынады [8] немесе осы ғалымның «этнос» туралы мына анықтамасы нақтырақ берілген.

5. «Белгілі бір мекенде тарихи қалыптасқан, өзіндік ортақ тілі, мәдениеті мен психологиясы бар, сондай-ақ өздерінің тұтастығы мен өзгелерден айырмашылықтарының бар екенін толық сезіне алатын, өздерін даралайтын төл атауы бар адамдар қауымдастығын этнос деп атауға болады» [8].

6. Этнос пен этногенез туралы Л.Н. Гумилев: «Этнос дегеніміз әлеуметтік және формациялық құрылымнан тыс, әлеуметтік проблемаға кіріптар болмайтын биогеографиялық

категория» [9] деп сипаттайды.

7. А. Сейдімбек: «Әрбір этностың бөлек-бөлек өмір сүру салтына сай, бөлек-бөлек шаруашылық-мәдени үрдісіне үндес өзіндік тәл қасиеті бар материалдық мәдениет қалыптасады. Әрине, тек қана материалдық дербес мәдениет емес, этностың рухани мәдениеті де, дүниені танып-түсіну түйсігі де; мінез-құлқы да даралық сипат алады. Сөйтіп, белгілі бір әлеуметтік қауым этностенген кезде этникалық мәдениет қоғам өмірін тігінен де (мәдени деңгейлер); көлденеңінен де (мәдени айғақтар) біртұтас етеді. Бұл кезде әрбір адам өзінің белгілі бір қауымнан шыққанын, сол қауымның өкілі екенін терең сезінетін болады» [10].

Ғалым Т. Шемякина «Символдар мен архетиптер арқылы этностың ұлттық менталитеті мен ұлттық әдеби дәстүр ерекшеліктерін анықтауға болады» [11] деген пікір білдіреді.

Дегенмен «этнос» туралы мынадай да кереғар пікірлер кездеседі. Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» еңбегінің «Этностық таным» тарауында «...тарихи дәуірдің белгілі бір кезеңінде пайда болған кездейсоқ құбылыс, олар әлеуметтік аралас неке мен географиялық тұрғыдан іргелес қауымдар ішінде өсіп-өну арқылы өріс ашады... < > ...бір ұлттың баласын басқа ұлттан ерекшелейтін қасиет жоқ» [12] деген пікірі мен Юнгтің әр баланың ұжымдық бейсанасындағы архетиптер туа бітті қалыптасады деген пікір арасындағы алшақтықты аңғаруға болады. М. Райанның еңбегінде этносқа биологиялық ерекшелік тұрғысынан баса назар аударылып, қара және ақ нәсілді адамдар арасындағы алшақтыққа тоқталады.

Н.П. Моница «Орыс мәдени архетипі» [6, 26] еңбегінде М.С. Каган мен Ю.Н. Солониндердің пікірі негізінде менталитеттің төмендегідей бес ерекшелігін көрсетеді:

1. Менталитет белгілі бір ұлттың, сол ұлтқа жататын жекелеген тұлғалардың өмір салты мен мәдениетін айқындайтын ерекшелік. Бұл тұста қоғамдағы жалпыадамзаттық құндылықтар мен менталитетке тән ерекшелікті А.Я. Гуревич пікірі негізінде алар болсақ, туысын өлтірген адамға деген ашу жалпыадамзатқа ортақ әрекет болса, одан кек алу бұл ұлттық менталитетке жатады. Қазақ әдебиетіндегі Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» романынан үзінді келтірер болсақ, отызыншы жылдары жаппай елге шет жақтан қоныстанған өзге ұлт өкілдерінің әрекетінен көруге болады. Айшаның үйінде тұрған неміс Вольф Анна және оның қыздары Эльза мен Эмманың бойындағы ұлттық ерекшелік немесе Барысхан нағашыларына қонаққа барғанда көрші шешендер (Петька, оның ағалары мен шешесі) есегімен арпаласып, жүгеріні таптап тастауы, кейіннен шешен баланың оған атылуы, жұрттың араша түсуі, бүкіл ауылдың сол шешендерден мінезі жаман, кекшіл, қырып тастайды, «Тиме бәлеге!» деп қорқуы, «чечен десе ауылдың үрейі ұшуы», бұндай жағдайда қазақта «алдына келсе, атаңның да құнын кеш» деп кеңшілікке салуынан әр ұлттық өзіндік менталитетіндегі ерекшелікті көреміз.

2. Менталитетке тарихи шарттылық тән. Қандайда бір тарихи өзгерістердің ұлт өміріне, санасына өз әсерін тигізбей қоймайтыны анық. Дәуірлерге созылған тарихи жағдайлар ұлт санасына түбегейлі әсер етеді. Ал оны қалпына келтіру де соншалықты ұзақ процесс. Бұған дәлел қазақ халқының басынан кешкен отарлау саясаты, тұтас ұлт санасының трансформациясына әкеліп соқтырды.

3. Менталитет қоғамдағы әрбір тұлғаның санасында берік сақталады. Ол ауыз әдебиеті мен әдебиеті, салт-дәстүрі мен өнері арқылы адам санасында кішкене кезінен қалыптасады. Мысалы, қазақтың жылқы малы десе делебесі қозып тұруы, ет жеп, сорпа ішсе ауруынан айығып кетуі дәлел.

4. Жекелеген тұлға санасы мен қоғам менталитеті тұтастықта алынады. Себебі жеке адамдардың мінез-құлқы мен ұлтқа тән ерекшеліктері арқылы ұлттық менталитет қалыптасады. Оған мысал, шетел қазақтарының бойында қазақ қаны бола тұра, сырт болмысы қазақ бола тұра, санасы, дүниетанымының басқаша екенін аңғаруға болады. Яғни қоғам мен адамның берік байланысын көреміз.

5. Менталитет жеке адам санасында ұжымдық бейсана негізінде әсер етеді. Адам өзі еркінен тыс, бейсаналы түрде ұлт менталитетіне сай әрекет етуі заңды құбылыс. Мысалы, қазақтардың балаларының кішкентайынан төрт-түлікке әуес болуы, құрт-майды сүйсініп жеуі немесе басқа халықтарда біз сияқты ет емес, шөп, теңіз тағамдарына әуес болуы сияқты ерекшеліктер ұжымдық бейсанадағы қалыптасқан қағидалар негізінде орындалып отырады.

ТАЛҚЫЛАУ

Этномәдени архетиптің қалыптасуына түрлі факторлардың ықпалы зор. Атап айтар болсақ географиялық фактор (территориясы мен мекендеген жердің климаты, орналасуы), геосаяси фактор (тарихи-саяси жағдайлар), әлеуметтік фактор (халықтың әл-ахуалының көрінісі), діни фактор, рухани-мәдени факторларды алуға болады. Аталған факторлардың әрқайсысының ұлт болып қалыптасуында, сонымен қатар этномәдени архетиптердің қалыптасуында өзіндік ықпалы зор. Ең алдымен географиялық факторға тоқталар болсақ ғалым Н.П. Моница «Мәдениетті табиғаттан бөлек алып қарастыруға болмайды. Әр елдің географиялық жағдайы сол халықтың өміріне тікелей әсер ете отырып, мәдениетінің дамуына ықпал ететіндігі белгілі» [6, 51] деген пікір білдіреді, яғни кез келген елдің ұлт болып қалыптасуына алдымен мекен еткен аумағы мен оның климаты тікелей байланысты. Мәселен қазақ елінің ұлан-ғайыр атырапты алып жатуы мен мінезіндегі кеңдікті айтуға болады, жер аумағы кең болғандықтан түрлі климаттық ерекшеліктер де мекен еткен халық өміріне әсер етпей қоймайды. Бұл көркем шығармаларда да айқын көрініс тауып отырады. Мысалы, О. Бөкей мен А. Алтай шығармаларынан әрдайым шығыстың қатал, қытымыр қысын көреміз. Әр елді-мекеннің орналасуына байланысты сол халықтың дүниетанымын, мінез-құлқы мен тұрмыс-тіршілігін, өмірлік ұстанымдарын аңғаруға болады.

Көшпелі қазақ халқында ежелден «жер құдайдікі» деген түсінік негізінде «жабайы табиғат» деген ұғым болмаған, адам мен табиғат тұтастықта қарастырылады. Қазақ әдебиетінде А. Алтайдың «Алтай балладасы» шығармасындағы тағы Ұлар аңшының қыс ішінде қардан үңгір қазып алып жатуы, қатал қыста иен даланы еш қорықпастан кезуі, Ж. Қорғасбектің «Қасқыр адамындағы» шығарма кейіпкерінің қаладан қашып орманшы болып кетуі, кейіннен сол орманда қаза табуы, А. Кемелбаеваның «Мұнара» романының «Соңғы жолбарыс» бөліміндегі тамаша табиғат көріністерінен қазақ жанының табиғатпен үндес екенін аңғарамыз. Бұл ерекшелік ұлт мінезінен де айқын көрініс тауып отыр: еркіндік пен кеңшілік, даналық пен қайсарлық сияқты ұлт бойындағы қасиеттер ең алдымен қазақтың жерінен, сұлу табиғатынан дарығаны сөзсіз. Көшпелі қазақ халқында негізінен далалық өркениет, далалық мәдениет жақсы дамығандықтан кең атыраптың түрлі климаттық жағдайлары ұлт болмысына да өз әсерін тигізді, қазақта алты айға созылатын қысқа төтеп беру үшін мықты қайрат, жігер керектігі сөзсіз. Ал еуропа халықтарында қалалық өркениет ерте орнағандықтан, мінездерінде де әлжуаздық, осалдық жиі танылып отырады. Мәселен М.Л. Олкоттың «Сүйкімді әйелдер», Дж. Голсуорсидың «Қою гүл», С.Моемнің «Театр», С.Фиджеральттың «Ұлы Гэдзби» романдарында әйелдердің нәзіктігі, өмір салты мен дүниетанымына байланысты олардың қиындыққа шыдай алмауы, өмірде сынып кетуі басымырақ болса, қазақ романында біз қайсар әйелдер бейнесін жиі көре аламыз. Оған мысал Ш.Мұртазаның Айшасын айтуға болады.

Қазақ жерінің кеңдігі мен байлығы, қыста қыстаққа, жазда жайлауға сияқты жыл мезгілдеріне орай жайылым мен қоныс ауыстырып, төрт-түліктің арқасында аузы майға малынып, киімі бүтін, тамағы тоқ күй кешті, табиғатпен етене жақын болғандықтан табиғат құбылыстарын, күн мен түннің теңесуі, жыл мезгілдеріне байланысты нақты он екі жыл атауын қоюы сияқты дүниелерден қазақ халқының дүниетанымы, жалпы ұлттық болмысы мен философиясының жоғары дәрежеде дамығанын аңғаруға болады. Бұл туралы белгілі этнограф А. Сейдімбек пікіріне жүгінсек: «Қазақ даласындағы дәстүрлі көшпелі өмір-салттың және сол өмір-салтымен орайлас қалыптасқан шаруашылық-мәдени типтің болмысы мүлде бөлек екенін атап өту керек. Қазақ даласы жылдың төрт маусымы айқын бедерімен көрініс табатын жер бетіндегі бірден-бір қуаң континенттік өңір. Бұл сияқты кең қарымды көшпелі өмір-салттағы адамдар табиғаттың өткірші құбылыстарынан гөрі уақыт пен кеңістіктің тұрақты заңдылықтарын алдымен игеріп, ол заңдылықтарға адамзаттың басқа қауымдарына қарағанда бұрынырақ бейімделе алған» [5, 7].

Қазақ жерінің аумағына байланысты мал шаруашылығымен қатар, кей өңірлерде балық аулау мен аңшылық та жақсы дамыған. Әр аймақ өзінің географиялық орналасу ыңғайына

қарай тұрмысы да соған бейімделіп отырады. Аңшылық құруда да өзіндік ерекшеліктері байқалады: А. Кемелбаеваның «Мұнара» романында автор аңшылықтың тек ермек үшін ғана жасалатынын, аңшылықтың мақсаты барлығын қырып тастау емес екендігін тілге тиек етеді, шығармада кәрі аңшы жолбарысты сыртынан бақылап, сұлулығына тамсанып қана қояды, бұндай үрдіс Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романында Рысқұл аңшының әрекеттерінен де танылады. Аталған шығармаларда аңшы табиғат заңдылығына қарсы шықпай, тек бақылаушы тепе-теңдікті берік ұстанған табиғат жанашыры ретінде сипатталса, А. Алтайдың «Кентаврында» оқиға керісінше өрбиді, тойымсыз адамдардың табиғат заңына қарсы шығып, аяушылықты білмейтін қатыгез адамдар бейнесі ашылады.

Сонымен қатар осындай ұланғайыр жерді сырт жаудан сақтап қалу үшін көзсіз ерлік пен батырлықтың да маңызы зор. Жан жақтан анталаған жаудан сақтануда, ел мен жерді қорғап қалуда әркез ата-бабаларымыз аттан түспей, күні-түні ел сыртын қорғау өмір салты болғандықтан, ұлт санасында архетип ретінде қалыптасуына себепші болды. Қанша жылғы езгіге төтеп беруіміздің бірден бір себебі ұжымдық бейсанамызда ата-бабамыздан сақталған архетип болмыстың, күрескерлік рухтың да өз әсері барын жоққа шығаруға болмайды.

Әлем халықтарында табиғат, иен дала көп жағдайда «баспанасыздық архетипімен» сипатталады, адамның басының панасының болмауы, қорғансыздық, жалғыздық пен өлім, өмірде орта жолда қалуы мен тағдыр тәлкегіне түсумен ассоциацияланады. Ал қазақ халқында ондай түсінік жоқ, себебі қазақ үшін жер ана, табиғат ана, тағы табиғат пен тағы адам деп өзін табиғаттан бөлек қарастырмайды. Альфред Вебер: «Орталық Азиядан шыққан көшпелі халықтар... дүниенің кеңдігін таныды. Олар ежелгі дүниенің ұлы мәдениеті бар мемлекеттерін жаулап алды. Қиын-қыстау тіршілік пен қауіп-қатері мол жорықтар арқылы олар дүниенің жалғандығын түсінді; ал үстем нәсіл ретінде олар дүниеге ерлік пен трагедиялық сананы орнықтырып, оны эпос ретінде паш етті...» [13] деген пікір білдіреді.

Жоғарыда аталған ерекшеліктер негізінен ұлттық архетип болмысқа әр нәрсені жоспарлаудан гөрі, табан астынан шешім қабылдайтын, тығырықтан жол таба білетін суырып салмалық тән, бұл біздің төл өнеріміз айтыста да байқалады. Яғни табиғаттың тылсым құпияларын танып, алдын-ала болжау мүмкін емес, қазақ халқы да соған бейімделу салдарынан ұжымдық бейсанасында импровизаторлық ойлау қабілеті де жақсы жетілген. Бұндай суырып салмалық өнер түркі халықтарында кездескенімен басқа еуропа, славян халықтарында көп кездеспейді.

Қазақ халқының басынан өткен тарихи-саяси жағдайлардың да өз ықпалын тигізгені белгілі. Арыда жоңғар, қоқан шапқыншылықтары, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғасы, бертінде үш ғасырлық орыстың отарындағы жанкешті жағдайлар, XX ғасырдағы ашаршылық, жұт, ұжымдастыру, репрессия мен ұлы отан соғысы, тың игеру сияқты оқиғалардың барлығы қазақтың басына түскен ауыр сынақ болып, оның барлығы халық тағдырына, әлеуметтік өмірі мен болмысына, мәдениеті мен әдебиетіне өз ықпалын тигізбей қоймады. Тұтас ұлттың жаны мен рухын сындыру, жер бетінен жойылып кету қаупін тудырған жағдайлар белгілі бір деңгейде ұлт санасында өзгерістер әкеленін де жасыруға болмайды. Оны біз қазақ әдебиетіндегі көркем шығармалардан көре аламыз. Мысалға Абай жырлаған сол заманның би-болыстары мен байлары, елді қанаған шонжарлар мен ауылнайлар, міне бұл образдар сол заман тудырған бейнелер:

Болыс болдым, мінеки?

Бар малымды шығындап.

Түйеде қом, атта май

Қалмады елге тығындап.

Сүйтсе дағы елімді

Ұстай алмадым мығымдап [14, 81].

Аталған өлеңдерден халқына сырт көзбен, сын көзбен қараған Абай сол кездегі тұтас ұлт тағдырын, оның аянышты халін көркем суреттеп береді. Яғни елдегі болған тарихи-әлеуметтік жағдайлардың халықтың да санасын улап жатқанын аңғарамыз. Бұндай жыр жолдары жыраулар поэзиясын да кездеседі. Ақындарымыз сол кездегі хандарды сынға алып, халықтың

шұрайлы жерлерін тартып алып, қарапайым қазақ халқын қанаған патшалы империяға, оларды қорғаған хандар мен би-болыстарға наздарын көркемсөзбен жеткізіп, ендігі үміттің тек болашақта білімді жастарда екенін жырға қосады. XX ғасыр әдебиетінде де сол қоғамды әшкере ететін образдар жетерлік: М. Әуезов, М. Дулатов, С. Торайғыров шығармаларындағы қазақ қыздарының тағдырларын тәлк еткен адамдар бейнесі, Б. Майлиннің Мырқымбайлары, Ғ. Мүсіреповтің аналары сол заман адамдарының бейнесін айқын ашып береді. Репрессияға ұшыраған қазақтың оқыған азаматтарының тағдыры өзекті өртейді. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі бір ғана Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» тарихи романындағы әкелі балалы Рысқұл мен Тұрар тағдырларынан-ақ тұтас елдің трагедиясын көруге болады.

Аталған жағдайлар қазақ болмысындағы қажыр-қайрат, жігер мен ұлттық рух сияқты қасиеттерді арттырғанымен, жағымпаздық пен сатқындық, парақорлық пен мансап-атаққұмарлық, енжарлық пен тоғышарлық сияқты жаман қасиеттердің қалыптасуына түрткі болды. Бұндай жағымсыз мінез бейсаналы түрде біздің ұжымдық архетип жадымызда сақталып қалды, оны жойып жіберу үшін де біршама уақыт өтіп, жаңа формация құрылу керек екені белгілі. Бұл тұста елімізде жасалып жатқан «Рухани жаңғыру» сияқты мемлекеттік бағдарламалардың атқаратын қызметі зор болмақ.

Зерттеу барысында қазақ үшін қасиетті саналатын жер, туған жер, Отан түсініктері К.Г. Юнгтің «Ұлы ана», «Абыз қария» архетиптері негізінде жатыр. Оған дәлел қазақ санасында қалыптасқан Отан ана, Жер ана, Табиғат ана, Су ана ұғымдарының кең таралуы. Кез келген ақын-жазушының шығармашылығында туған жер туралы шығарма кездеседі. Бұл туралы Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» романының «Жолашарында» автор-баяндаушы өзінің Париж, Мысыр, Қытай, Иран, Чикаго сияқты әлемнің талай елдерінде болса да, түсіне әрдайым балалық шағы, туған ауылы Мыңбұлақ, туған жері Ақсу-Жабағылы, туған үйі кіретіндігі, қанша есейіп, «Халық жазушысы» атанса да, балалық шағын, туған жерін сағынатынын көреміз. Автордың тұлға болып қалыптасуында, өмірде өз орнын табуына ең алдымен туған жердің, кіндік қаны тамған мекеннің маңызы зор екенін көреміз. К.Г. Юнгтің «Ұлы ана» архетипі адамның өміріне тікелей әсер етуші, қамқоршы, мейірімін төгуші тура мағынасында ана, әже, әпке болумен қатар, туған жер сияқты қасиетті ұғымдардың да аталмыш архетип бейнеде келуін өз зерттеулерінде талай тілге тиек етеді. Бұндай ғылыми тұжырымдамалар қазақ болмысына әу-бастан сіңісіп кеткен қасиет екенін көреміз. Немесе қазақ түсінігінде адам дүниеден өткенде туған жеріне апарып жерлеуі, «туған жердің топырағы бұйырды» деген түсініктердің де ұжымдық бейсанадағы архетипте жатқандығын байқаймыз.

Қазақ халқының ұлт болып қалыптасу тарихындағы түрлі тарихи-саяси, аумақтық-климаттық, әлеуметтік, тарихи-мәдени факторлар негізінде және фольклор мен мифологиядан бастап қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркем шығармалар мен өнер туындыларында қалыптасқан этномәдени архетиптерді төмендегідей топтарға жіктеп қарастырудың маңызы зор:

1. Өзін табиғатпен ене жақын байланыстырып, Табиғат ана, Жер ана деп өскен қазақта туған жер, елді қорғау, табиғаттан үйрену, табиғатқа тағзым ретінде Тәңір – күн мотивтері кең тараған.

2. «Құдайдың жерінде» еркін өскен қазақ үшін еркіндіктің символы болған бөрі бейнесі тотем ретінде қалыптасып, қазақтың болмысын, мінезі мен тағылығын ашатын образ ретінде сипатталатын сюжет, мотивтер жиі кездеседі.

3. Жер ана, табиғат ана, от ана, су ана деп адамға ең қажетті дүниелермен ана бейнесін қатар қою арқылы, қыз бала, ана, әйел, кейуана образдары да қазақтың этномәдени архетип қатарына болуы дана ананың қазақ өміріндегі беделін айқындайды.

4. Ұланғайыр жерге иелік еткен қазақтың басы бір дастарқанда жиылып, бір шаңырақтың астында болуы, береке-бірліктің, татулық пен ұйымшылдықтың символы, шаңырақ арқылы адамның баспанасы, «отан отбасынан басталады» деген қағида негізінде әр қазақ үшін өз ошағы мен шаңырағының болуы, әр азаматтың өз үйінің оты өшпей, үй іргесінің сөгілмей берік болуы жер мен күн макроәлем мен қазақтың баспанасы киіз үйі мен үй ішіндегі ортадағы ошақ микроәлем ретінде сипатталуы, қазақ әлеміндегі баспана архетипінің маңыздылығын көрсетеді.

5. Қазақтың байтақ даласын сақтап қалу үшін ұлт бойында, ең алдымен мықты рух пен ұлттық жан, ұлттық қажыр-қайрат пен күш-жігер сияқты асыл қасиеттердің арқасында ғана біртұтас ел болып қалыптасуын аңғаруға болады.

6. Ұлттық болмысымызды айқындайтын ұлттық құндылықтар қатарында: өнер түрлері, жан-жануарлар әлемі, ғарыштық түсініктер, отбасылық құндылықтар мен діни сенімдер негізінде қалыптасқан қағидалар да этномәдени архетиптер қатарын толықтырып отырады.

7. Өкінішке орай түрлі солақай саясаттың кесірінен ұлт болмысы түрлі трансформацияларға ұшырап, кейбір комплекстерді де қалыптастырғанын аңғаруға болады.

Бұл ретте сыртқы түрлі факторлардың салдарынан ұлттық болмысты, ана тіліміз бен қазакилығымызды жоғалтып алмау жолында ұжымдық бейсанамыздағы этномәдени архетиптерге жүгініп, қайта жаңғыртып отыру маңызды. Себебі қанша уақыт өтіп, түрлі формациялар ауысып, адамдардың өмір салты мен ұстанымдары өзгеріп жатқанымен бейсанасындағы архетиптер өзгеріссіз қала береді. Қазіргі технология мен ғылымның тоқтаусыз дамыған заманында ұлттық құндылықтар мен мәдениетке, жалпы адамзаттық дүниелерге деген көзқарас түрліше құбылып, жаңа жаңалықтар мен тың пайымдаулар туғанымен архетип мәңгілік ақиқат бола бермек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Этномәдени архетиптердің қалыптасуына әсер етуші факторларды жалпы қорытындылайтын болсақ, зерттеу мақаласында ұлттық болмыс, менталитет сияқты халықтың өзіндік ерекшелігі айқындалды; қазақ және шетелдік ғалымдардың зерттеулері негізінде қазақ халқының этномәдени архетиптерінің қалыптасуына әсер еткен жағдайлар екшеленді; ұлттық этномәдени архетиптердің қалыптасуына әсер ететін тарихи-әлеуметтік жағдайлар көркем проза негізінде сараланды; ұлт философиясын айқындайтын этномәдени архетиптердің территориялық және климаттық жағдайларға байланысты қалыптасу себептері мен ерекшеліктеріне талдау жасалды.

Қазіргі жаһандану заманында түрлі этностар мен елдердің мәдениеті мен тілі, діні мен тағылымы жекелеген ұлт болмысын, тарихын жойып жібермеуде этномәдени архетиптер сол ұлттың базисы бола тұра, сыртқы қажетсіз қоғамнан қорғайтын қалқан іспетті. Себебі әрбір тұлға әлемді тануда өзінің ұлттық жадысында қалыптасқан ұстанымдар негізінде қабылдайды, түйсінеді. С.В. Лурьенің айтуынша адам санасындағы ұлттық архетип діңі мыңқы болған жағдайда ғана ол сыртқы факторлар мен өз бойындағы ұлттық ерекшеліктер негізінде ой қорыта алады, дұрыс шешім қабылдай алады [15].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Fromm E. The art of being. – L: Continuum, 1992. – 131 p.
- 2 Jung C.G. Psychology of the Unconscious. – P: Princeton University press, 2003. – 480 p.
- 3 Jung C.G. Complexes. Archetype. Symbols in the Psychology. – P: Princeton University press, 1971. – 230 p.
- 4 Байтуова А.Н. Жаһандану дәуірінде этномәдени және тілдік ұқсастықтың сақталуы // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2017. – №2(166). – Б. 153-157.
- 5 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. – Астана: Фолиант, 2019. – 728 б.
- 6 Мони́на Н.П. Русский культурный архетип: факторы формирования и философские доминанты: учеб. пос. – Омск: ОГУ, 2011. – 196 с.
- 7 Пантин И.К. Русская ментальность: материалы круглого стола // Вопросы философии. – 1994. – №1. – С. 25-53.
- 8 Bromley J. The theory of Ethnos and Ethnic Processes in the Soviet Social Sciences. – L. Cambridge University Press. V.31. 1989. – 438 p.
- 9 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. – М.: Наука, 1994. – 340 с.
- 10 Сейдімбек А. Қазақ елі. Этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.

- 11 Шамякіна Т.И. Беларуская класічная літаратура і міфалогія. – Минск: БДУ, 2001. – 186 с.
- 12 Michael R. Literary theory. Wiley-Blackwell, 2007. – 248 p.
- 13 Weber A. Great Economists before Keynes: An introduction to the lives & works of one hundred great economists of the past. SPth: Economics, 2008. 352 p.
- 14 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2016. – Т. 1. – 296 б.
- 15 Лурье С.В. Историческая этнология. – М.: Аспект Пресс, 1997. – 448 с.

Материал 03.06.2024 баспаға түсті

Факторы, влияющие на формирование этнокультурных архетипов

Л.М. Демесинова¹, А.Ш. Маманова¹, Ж.М.Искакова²

¹Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина, Астана, 010000, Республика Казахстан

²Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» им. Ш. Шаяхметова, Астана, 010000, Республика Казахстан

В зарубежном литературоведении со второй половины XX века проблема архетипа в художественном творчестве, автор и воображение, литературная критика архетипа стали одной из актуальных тем. Проблема архетипа первоначально рассматривалась К.Г. Юнгом на основе психоаналитической науки, затем в области литературоведения в вопросе художественного творчества и воображения такие ученые, как Э.Нойманн, Н. Фрай, М. Бодкин, Е. Мелетинский, написали объемные работы и сделали новые выводы. Однако, проблема этнокультурного архетипа в отечественном литературоведении встречается в отдельных статьях и мифопоэтических исследованиях, малость объемных научных работ по проблеме этнокультурных архетипических образов и сюжетов, архетипических мотивов и идей в конкретном художественном произведении определяет актуальность работы. Вместе с тем, различные исторические факторы, влияющие на формирование этнокультурных архетипов, рассмотрение в интеграции с другими областями науки в уточнении влияния климатических условий на сознание нации повышают значимость исследовательской работы.

Ключевые слова: архетип, этнокультура, теория травм, проза, коллективное бессознательное.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Fromm E. The art of being. – L: Continuum, 1992. – 131 p.
- 2 Jung C.G. Psychology of the Unconscious. – P: Princeton University press, 2003. – 480 p.
- 3 Jung C.G. Complexes. Archetype. Symbols in the Psychology. – P: Princeton University press, 1971. – 230 p.
- 4 Байтуова А.Н. Сохранение этнокультурного и языкового сходства в эпоху глобализации // Вестник КазНУ.– 2017. – №2(166). – С. 153-157.
- 5 Сейдимбек А. Устная история казахов. – Астана: Фолиант, 2019. – 728 с.
- 6 Моница Н.П. Русский культурный архетип: факторы формирования и философские доминанты: учеб. пос. – Омск: ОГУ, 2011. – 196 с.
- 7 Пантин И.К. Русская ментальность: материалы круглого стола // Вопросы философии. – 1994. – №1. – С. 25-53.
- 8 Bromley J. The theory of Ethnos and Ethnic Processes in the Soviet Social Sciences. – L. Cambridge University Press. V.31. 1989. – 438 p.
- 9 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. – М.: Наука, 1994. – 340 с.
- 10 Сейдимбек А. Казахский народ. Этнокультурное рассуждение. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.

- 11 Шамякина Т.И. Беларуская класічная літаратура і міфалогія. – Минск: БДУ, 2001. – 186 с.
- 12 Michael R. Literary theory. Wiley-Blackwell, 2007. – 248 p.
- 13 Weber A. Great Economists before Keynes: An introduction to the lives & works of one hundred great economists of the past. SPth: Economics, 2008. 352 p.
- 14 Кунанбайұлы А. Двухтомное собрание сочинений. – Алматы: Жазушы, 2016. – Т. 1. – 296 с.
- 15 Лурье С.В. Историческая этнология. – М.: Аспект Пресс, 1997. – 448 с.

Материал поступил в редакцию журнала 03.06.2024

Factors influencing the formation of ethnocultural archetypes

L. Demessinova¹, A. Mamanova¹, Zh.Iskakova²

¹Kazakh Agrotechnical Research University named after S.Seifullin, Astana, 010000, Kazakhstan

²The National Scientific and Practical Center "Til-Kazyна" named after Sh. Shayakhmetov, Astana, 010000, Kazakhstan

Since the second half of the twentieth century, the archetype's role in artistic creativity, authorship, and literary criticism has emerged as a significant topic in foreign literary studies. Initially explored by C.G. Jung within psychoanalysis, the concept of archetypes has been further developed by scholars such as E. Neumann, N. Fry, M. Bodkin, and E. Meletinsky, who have produced extensive works and fresh insights into artistic creativity and imagination.

In contrast, domestic literary studies have only intermittently addressed ethnocultural archetypes through isolated articles and mythopoetic analyses, resulting in a scarcity of comprehensive works examining ethnocultural archetype images, plots, and motifs in specific artistic creations. This gap underscores the relevance of this research. Additionally, examining the historical factors that shape ethnocultural archetypes and the influence of climatic conditions on national consciousness, in conjunction with other scientific disciplines, further enhances the significance of this study.

Key words: archetype, ethnoculture, Trauma Theory, prose, collective unconscious.

REFERENCES

- 1 Fromm E. The art of being. – L: Continuum, 1992. – 131 p. [in English]
- 2 Jung C.G. Psychology of the Unconscious. – P: Princeton University press, 2003. – 480 p. [in English]
- 3 Jung C.G. Complexes. Archetype. Symbols in the Psychology. – P: Princeton University press, 1971. – 230 p. [in English]
- 4 Baituova A.N. Zhahandanu dauirinde etnomadeni zhane tildik uksastyktyng saktaluy [Preservation of ethnocultural and linguistic identity in the era of globalization], KazUU Khabarshysy [Bulletin of KazNU], 2 (166), 153-157 (2017) [in Kazakh]
- 5 Seidimbek A. Kazakhtin auzsha tarihi [Oral history of Kazakh] (Astana, 2019). [in Kazakh]
- 6 Monina N.P. Russkiy kulturnyy arkhetyp: faktory formirovaniya i filosofskiye dominanty [Russian cultural archetype: factors of formation and philosophical dominants] (Omsk, 2011). [in Russian]
- 7 Pantin I.K. Russkaya mentalnost: materialy kruglogo stola [Russian mentality: materials of the round table], Voprosy filosofii [Questions of philosophy], 1, 25-53 (1994). [in Russian]
- 8 Bromley J. The theory of Ethnos and Ethnic Processes in the Soviet Social Sciences. – L. Cambridge University Press. V.31. 1989. – 438 p. [in English]
- 9 Gumilev L.N. Etnogenez i biosfera zemli [Ethnogenesis and the biosphere of the earth] (Moscow, 1994). [in Russian]
- 10 Seydimbek A. Kazak eli. Etnomadeni payymdau [Kazakh country. Ethnocultural reasoning] (Almaty, 1997). [in Kazakh]

- 11 Shamyakina T.I. Belaruskaya klasicheskaya literatura i mifologiya [I. Belarusian classical literature and mythology] (Minsk, 2001). [in Russian]
- 12 Michael R. Literary theory. Wiley-Blackwell, 2007. – 248 p. [in English]
- 13 Weber A. Great Economists before Keynes: An introduction to the lives & works of one hundred great economists of the past. SPth: Economics, 2008. 352 p. [in English]
- 14 Kunanbayuly A. Shygarmalarynyng eki tomdyq zhinagy [Two-volume collection of works] (Almaty, 2016). [in Kazakh]
- 15 Lurie S.V. Istoricheskaya etnologiya [Historical ethnology] (Moscow, 1997). [in Russian]

Received: 03.06.2024

МРНТИ 16.21.33

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss3pp174-183](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss3pp174-183)

Г.Ж. Досмаганбетова¹, Ж.С. Бейсенова¹

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

ОБРАЗ КИТАЯ В ТРАВЕЛОГЕ КАЗАХСКОГО ВОСТОКОВЕДА Ш. УАЛИХАНОВА

В данном научном исследовании представлено рассмотрение травелога Шокана Уалиханова как ученого-путешественника. В качестве предмета исследования определяется научно-художественное своеобразие травелогов Ш. Уалиханова. Объектом исследования выступают путевые записки ученого, осуществленные во время его поездок в Китай (XIX век). Преимущественное внимание авторов направлено на травелогическую стратегию ученого-путешественника, предпринятую им для отражения национального, этнокультурного, социокультурного, политического образа жизни инокультурной страны (Китай). Цель статьи: ретроспектива травелога Ш.Уалиханова, охватывающего главные явления китайского путешествия, включающего локацию, феномен китайской национальной культуры и быта китайцев. В связи с чем выявляются особенности перцепций ученого-путешественника о Китае в его путевых записках. Методы литературоведческого и текстологического анализа путевых записок Ш. Уалиханова позволили оценить их как ценный исторический документ, отразивший аналитику научного наблюдения и описания уклада жизни Китая в контексте того времени. Полученные результаты анализа теоретических позиций и умозаключений Ш. Уалиханова, стоящего у истоков формирования художественного травелога на национальной почве, дополняют науку в рамках теории травелога. Китай воспринимается с позиции иноэтнокультурного и исторического пространства. Формулируется вывод, что Ш. Уалиханов как автор первых казахских путевых записок стоит у истоков формирования жанра травелога в истории казахстанской науки.

Ключевые слова: травелог, Ш.Уалиханов, путевые записки, Китай, национальная картина мира, авторская стратегия описания.

ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

Импульсом к написанию статьи явился интерес к проблематике современного травелога как литературного жанра в контексте казахстанском и мировом. Дефицит конкретных обобщающих научных трудов о казахском травелоге, особенно на фоне компендиумов русского и мирового травелога, по возможности объясняет актуальность данного исследования. Методология травелога, суть которого сводится к знакомству с инокультурой,